

10-тарау.

Коммерциялық негізде әрекет ететін экономикалық субъектілердің қаржысы

10.1.

Коммерциялық типтегі шаруашылық субъектілер қаржысының қызмет ету негіздері

Кәсіпорын қаржысы елдің қаржы жүйесінің негізі болып табылады, бөлу қатынастары негізінде экономикалық өсу көзін құрайды.

Коммерциялық бастамада әрекет ететін, өнімді шығару мен өткізу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету негізінде кіріс алатын, материалдық өндіріс сферасының кәсіпорындары мен ұйымдарының қаржысына маңызды рөл беріледі.

Коммерциялық кәсіпорынның қаржы ресурстары – бұл олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерін өтеу үшін құрылатын, ақшалай нысандағы кірістер мен түсімдерді, өндірісті кеңейту, жұмысшылдардың білктілігін көтеру мен ынталандыру үшін резервтерді, корларды құру.

Кәсіпорынның қаржы ресурстарын қалыптастыру меншікті және оған теңестірілген қаражаттар есебінен, қаржы нарығына ресурстарды жұмылдыру, қаржы-банк жүйесінен түсімдер есебінен іске асырапады.

Қаржы ресурстарының негізгі көзі болып өнімді, жұмысты, қызметті өткізуден түскен түсім табылады. Ол сонынан жеке тұлғалардың кірістеріне бөлінеді.

Кәсіпорын кірістерін келесі жағдайларға байланысты топтарға бөлуге болады:

1. Қызмет түріне байланысты:

- жарғыда көрсетілген, кәсіпорынның миссиясына сәйкес, негізгі операциялық қызметтен түсетін – жұмыстар мен қызметтерді іске асырудан түскен түсім;

- басқадай өткізулерден түскен кірістер – шикізатты, қондырғыларды, қалдықтарды және т.б. сатудан түскен түсімдер;
- қайсыбір сатумен байланыссыз, өткізуден тыс операциялардан түскен кірістер – алынған айыппұлдар, ғимаратты жалға алу толемі, алынған дивиденттер, алынған пайыздар;
- мақсатты түсімдер (бала бақшада балаларды ұстауга төлем, мемлекеттің субсидиялары және т.б.)

2. Қаржылық операциялар түріне байланысты:

- өткізуден түскен кіріс;
- құнның есімінен түскен кіріс;
- міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кіріс;
- күмәнді міндеттемелер бойынша кіріс;
- құралған мәжбүрлі шығындар (резервтер) мөлшерін төмендетуден түскен кіріс;
- талақ құқығынан бас тартудан түскен кіріс;
- тіркелген активтердің шығуынан түскен кіріс;
- табиги ресурстарды өндіруге геологиялық зерттеу мен дайындау жұмыстары шығындарды, сонымен қатар жер қойнауын пайдаланудың басқадай шығындарын түзетуден түскен кіріс;
- кен көзін өндеуінің зардалтарының жою қорларына аударымдар сомасының кен көзін өндеудің зардалтарын жою бойынша нақты шығындардың сомасының асып кетуінен табыс;
- бұрынғы шегірмдерді өтеу бойынша сыйақылардан алынған кіріс;
- қайтарымсыз алынған мұлік;
- әлеуметтік сфера объектілерін пайдаланудан алынған кіріс;
- кәсіпорынды мұліктік кешен ретінде сатудан түскен кіріс.

Қаржылық ресурстар ретінде кірістерден басқа, амортизациялық аударымдар, құрылышта ішкі ресурстарды жұмылдыру, пайда, кредиторлық қарыз, банк несиелері, басқа заңды тұлғалардың қарыздары катысады.


Кәсіпорынды құру кезінде қаржы ресурстарының бастапқы түрі болып жарғылық капитал табылады.

Қаржы ресурстарының барлық қалған түрлері кешірек, кәсіпорынның қызмет процесінде көрінеді.

Қаржы нарығында қаржы ресурстарын акциялардың бастапқы және қайталама эмиссиясын сату, облигациялар мен бағалы қағаздардың басқалай түрлерін шығару жолымен сатып ала алады. Қаржы ресурстарының түрлері 10-шы суретте сипатталған.

Қаржы ресурстарын пайдалану келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

- шикізат пен қызмет үшін жабдықтаушылар мен мердігерлерге төлем;
- жұмысшылар еңбегін төлеу;
- бюджетке салықтар мен басқалай төлемдер;
- бюджеттен тыс қорларға төлемдер;
- несиеге пайыздар төлемі;
- несиені өтөу;
- сактандыру төлемдері, өндірісті кеңейтуге инвестициялау, еншілес кәсіпорындарды, филиалдарды, өкілдіктерді құру;
- бағалы қағаздарға инвестициялау;
- сыйақы қорларын құру;
- резервтік қорларды құру;
- өндірісті дамыту қорларын құру;
- қайрымдылық.



10-сурет. Кәсіпорынның қаржы ресурстарының қозі
Ескерту: автормен құрастырылған.

Кәсіпорын өзінің қызмет процесінде белгілі мақсаттарға арналған ақшалай қаражаттар қорын қалыптастырады және пайдаланады. Қорлар тізімі кәсіпорынның есеп саясатында сипатталуы керек. Олар үнемі қозғалыста болады, түседі, жинақталады және жұмсалады.

Қаржылық қорларда кәсіпорындар мен ұйымдар мүліктерінің қозғалысы, өндірістік, шаруашылық-қаржылық және әлеуметтік қызметін басқаруда пайдаланылу туралы ақпарат сипатталады. Өндірістік қорларды қалыптастыруға арналған меншікті қаражаттардың негізгі көзі болып шамасы шаруашылық қызмет процесінде өзгеретін жарғылық қор табылады.

Тұтыну қоры еңбекке төлеуге бағытталған қаражаттар, сонымен қатар жұмысшыларды материалдық ынталандыру және әртүрлі әлеуметтік төлемдер үшін пайданың бір бөлігі есебінен құралады.

Жинақталған қор кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз ету бойынша шығындарды қаржыландыруға пайдаланылады. Бұл қор таза пайда мен амортизациялық аударымдардың қалдығынан, банктердің несиелерінен және басқалай көздерден қалыптасады.

Қаржылық резерв (резервтік қор, тәуекел қоры, сактандыру қоры) шаруашылық-қаржылық жағдайдағы уақытша нашарлау кезеңінде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және қосымша шығындарды толтыру мақсатында құрылады.

Қаржылық резерв кәсіпорынның қаржылық жоспарын жасау мен бекітуде нормативтер бойынша пайдадан немесе кірістен куралады.

Кәсіпорындарда негізгі қорлардан күрделі, орта, ағымды жөндеу жүргізу үшін жөндеу қоры құрылады.

Кәсіпорын жұмысшыларына еңбек пен демалыстың қалыпты жағдайын ұйымдастыру үшін әлеуметтік-мәдени шаралар қорын құра алады. Одан асхана, демалыс бөлмелері мен базалар құрылышы, кәсіпорын аумағын көріктендіру, медициналық қызмет, ұжыммен табигатқа шығу, кәсіпорынның бөлімшелері арасында спорт шаралары ұйымдастыру қаржыландырылуы мүмкін, ұжымның асханада тамақтану бағасының орны толықтырылуы жүргізіледі және т.б.

Кәсіпорынның ақшалай қорлары өндіріс пен ұжымның әлеуметтік дамуын қамтамасыз етегін қаржы ресурстарын сипаттайтыды. Коммерциялық бастамада жұмыс істейтін кәсіпорындар меншікті қаржылық ресурстарды қалыптастыруға, мемлекетке міндетті төлемдер мен салықтарды қамтамасыз етуге міндетті.

Кәсіпорынның материалды-техникалық базасының құрамына өндірістік қорлар (қаражаттар, капитал) – негізгі және айналым қорлары енеді.

Негізгі қорлар мен материалдық емес активтерді қалыптастыру, олардың қызметі мен кеңейтілген үдайы өндірісі еңбек құралдарын сатып алу, пайдалану мен жөндеу қаржыландырылатын мақсатты тағайындалған ақшалай қорларды құру және пайдалану жолымен, қаржы көмегімен іске асырылады.

Негізгі қорлар мен материалдық емес активтер құнын өнімде аудару процесі амортизация аударылатын құн үлесі – амортизация нормасы, ал түгенделетін объектінің бастапқы немесе қалпына келтіру құнының сәйкес болігі – амортизация сомасы деп аталады. Амортизация сомасы өндіріс шығындарына енеді және өнімді өткізуден түскен түсім есебінен қалыптасады.

Негізгі қорлар мен материалдық емес активтер тобының амортизация нормасы кәсіпорын қызметінің экономикалық жағдайына тәуелді болатын объектілердің қызмет мерзімі арқылы анықталады.

Амортизацияның ең жиі қолданылатын әдісі – тұра сзықты, онда бастапқы немесе қалпына келтіру құнын қызметтің пайдалы кезең аралығына тең үлеспен есептен шығарады. Сонымен қатар амортизацияның жеделдетілген әдісі де қолданылады. Негізгі капитал өндіріс сферасына қатысты және негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, үзак мерзімді қаржылық инвестицияларды, аяқталмаған өндірістерді қамтиды.

Айналым капиталы айналымды өндірістік қорлар мен айналыс қорларын қамтиды.

Айналымды өндіріс қорлары өндірістің әртүрлі тараптарын көрсетеді, олар: өндірістік запастар, аяқталмаған өндіріс, болашак кезең шығындары.

Айналыс қорлары айналыс сферасымен байланысты. Оларға қоймадағы дайын өнім мен тұтынушыға тиелген өнім, касса мен банктегі шоттардағы ақшалай қаражаттар, есептегі қаражаттар (дебиторлық қарызы), сонымен қатар қысқа мерзімді қаржылық салындар жатады.

Коммерциялық типтегі кәсіпорындарда қаржыландыру көздері, өндірістік қорларды құру мен олардың өсімі меншікті, тартылған және қарызы болып белінеді.


Меншікті қаражаттар – бұл кәсіпорынның қызмет нәтижесі.

Қарызы қаражаттары кәсіпорынның қаншалықты қаржынесие жүйесімен танылған және банктен ссуда ала алатындығын көрсетеді.

Тартылған қаражаттар банктерден басқа барлық контрагенттер алдындағы өтелмеген қарызының болуымен шарттасылған. Бұл кредиторлық қарызы.

Кәсіпорынның қаражаттарын өтеу көздері таза активтер болып табылатын, меншікті айналым капиталын өсіру мақсатында үш бағыт бойынша пайдалануы керек. Ол кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының негізі болып табылады.

Өндірістік қорларды пайдаландығы тиімділік деңгейін кәсіпорынның қаржы менеджментінің нәтижелілігі туралы айтады, шығындар шамасымен, өткізуден түскен түсім, өнім немесе қызмет бірлігіне келетін пайдамен анықталады.



Коммерциялық бастамада әрекет етегін шаруашылық субъектісінің қаржысы

Өндіріс шығындары – материалдық құралдар (негізгі капитал, шикізат, материалдар, жанар жағар май, энергия және т.б.) мен еңбек шығындарының жиынтығы. Ол өнім өндірісі мен оны өткізуінің кәсіпорынга қаншаға түсетінін көрсетеді.

Ол кіріспен қатар пайдаға әсер етудің негізгі факторларының бірі. Өзіндік құн шығындардың ақшалай сипаты болып табылады. Ол кіріспен қатар пайдаға әсер етудің негізгі факторларының бірі. Өзіндік құнның құрылымы салалық өрекшеліктермен анықталады

және қаржы министрлігінің жанындағы бухгалтерлік есеп басқармасымен бекітілетін салалық ереже негізінде қалыптасады.

Коммерциялық кәсіпорындардағы өзіндік құн шығындар элементтері мен балтары бойынша қалыптасады.

Өзіндік құн элементтеріне төмендегілер жатады:

- материалдық шығындар;
- энергетикалық шығындар;
- еңбек ақы төлеу шығындар;
- әлеуметтік қажеттіліктеге аударымдар;
- негізгі қорлар мен материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар;
- басқалай аударымдар.

Шығындарды элементтер бойынша бөлген кезде шығындардың бір түрі тек бір-ак рет, ал шығын балтары бойынша бөлгенде – бірнеше рет кездеседі.

Онім, жұмыс пен қызмет бірлігіне өзіндік құнды жоспарлау, есепке алу және калькуляциялау кезінде шығындар келесі белгілер бойынша жіктеледі:

1. Өндірістік процеске қатынасы бойынша – негізгі және үстемеге;
2. Өндіріс көлеміне қатынасы бойынша – ауыспалы және тұрақтыға.
3. Құрам бірлігі бойынша – бір элементті және кешендіге.
4. Өнімнің жекелеген түрлерінің өзіндік құнына жатқызу әдісі бойынша – тіkelей және жанамаға.
5. Өндірістік процеске қатысуы бойынша – өндірістік және өндірістен тыс шығындарға.
6. Шығындардың мақсаттылығы бойынша – өндіруші және өндіруші емес шығындарға.
7. Пайда болу кезеңділігі бойынша – ағымды және бір мезгілдегі шығындарға.
8. Жоспармен (нормалаумен) қамту мүмкіндігі бойынша – жоспарланатын және жоспарланбайтын шығындарға.

Онімді өткізуден түскен түсім – бұл кәсіпорын шотына өнімді өткізуден, жұмысты орындаудан және қызметті көрсетуден түскен ақшалай каражатар сомасы. Ол өзіндік құнды,

пайданы, акциздерді, қосылған құн салығын қамтиды. Жанама салықтар кәсіпорын иелігінде болмайды және кәсіпорынның мемлекеттік бюджетке аударуы тиіс түсім бөлігі болып табылады. Бұл мемлекеттік жасамаған кірісі, салық ауыртпалығының құрамдас бөлігі.

Коммерциялық кәсіпорын үшін пайда алу ең маңыздысы болып саналады, ол өнімді өткізуден түскен түсім (КҚС мен акциздерді қоспағанда) мен кәсіпорынның өнімінің нақты өзіндік құны арасындағы айырмашылық.

Кәсіпорында жалпы пайда үш компоненттен тұрады, олар:

- өнімді, жұмыс пен қызметті өткізуден түскен пайда;
- негізгі қорларды және кәсіпорынның басқа мүлкін (басқалай өткізу) сатудан түскен пайда;
- сатумен байланыссыз қызметтөн түскен өткізуден тыс пайда (алынған дивиденттер, алынған пайыздар, алынған айыппұлдар, мүлікті жалға беруден төлем және т.б.).

Тұтас алғанда кәсіпорында шығын қалыптасуы мүмкін.

Коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорын кірісті алып, оны бөлу жолымен пайдалануды бастайды. Ең алдымен шығындар алып тасталынады.

Пайда келесі жолмен бөлінеді:

- ортақ жалпы пайда есептелінеді;
- жалпы пайдадан пайдага салынатын салық женілдігін алып тастағандығы салық салынатын пайда есептелінеді;
- корпоративтік табыс салығы (КТС) салық салынатын пайданы КТС ставкасына көбейту арқылы есептелінеді;
- таза пайда жалпы пайдадан КТС алып тастау арқылы есептелінеді;
- таза пайда құрылтайшылар жиналысында бөлінетін және бөлінбейтін болып бөлінеді;
- бөлінетін пайда құрылтайшылар жиналысының шешімі бойынша құрылтайшыларға дивиденд нысанында төленеді; одан жұмыс істейтін персоналға сыйақы немесе сыйлықақы беру туралы ереже болғанда төлем болуы мүмкін;
- бөлінбейтін пайда резервтік қорға, өндірісті дамыту қорына, әлеуметтік-мәдени шаралар қорына, қайырымдылық

мақсатындағы қорларға, жоғарғы тұрган ұйымдарға және т.б. бағытталады.

Кіші бизнес субъектілерінің (КБС) ерекшілігі болып өнімді өткізуден түсінің кішігірім көлемі мен жұмысшылардың кішігірім саны табылады.

Қазақстан Республикасында 2008 жылы 2007 жылмен салыстырғанды банктірдің несиелеу көлемін азайту салдарынан КБС-тің саны 641 мың бірліктен 621 мың бірлікке төмендеді. Мысалы, ЖК субъектілер саны 23 мың бірлікке төмендеді, ЖШС саны 2 мың бірлікке өсті, ШФҚ - 2 бірлікке ұлғайды. Бұл серпін бизнестің әрбір нысанының, елде болып отырган негативті факторлар, оның ішінде жаһанды әлемдік дағдарыс салдарының әсеріне тойтарыс берудің әр түрлі қабілеттілігін білдіреді.

2008 жылы жұмысшылар санының төмендеуі қаржылық және құрылымдық қызметтің іске асыратын салаларда көп байқалды.

Коммерциялық кәсіпорындар қаржысының салалық ерекшеліктерін қарастырайық. ЖІӨ құрамында ең үлкен үлесті өнеркәсіппен бірге, ауыл шаруашылығы, сауда мен құрылымдық алады.

Ауыл шаруашылығында келесі салалық ерекшеліктер бар:

1. Жербасты өндіріс құралы болып табылады. Жердің өнімділігін нақты есепке алу мүмкін емес. Сонымен қатар, жер тозуымен қатар, оны дұрыс пайдаланғандықтан жақсаруы да мүмкін. Жерде әртүрлі өнім түрлерін өндіруге болады, сондықтан ол әмбебап болып табылады. Ол амортизацияланбайды, сондықтан өзінің құны бойынша ауыл шаруашылығының өнімінің өзіндік құнына өндірілді. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әртүрлі орналасуы, жерлердің елді мекендерден әртүрлі қашықтықта орналасуы және топырақтың әртүрлі сапалық мінездемесі дифференциалды рентаның пайда болуына әкеледі. Негізгі капиталдың құрамындағы жұмыс және өнім малы тек қана ауыл шаруашылығында өсіріледі. Сонымен қатар өнім малы амортизацияланбайды.

Ауыл шаруашылығы үшін еңбектің және еңбектің қормен каруланылуының төмендегі деңгейі, тиімділік пен өндірістік қуаттың тұрақсыздығы деңгейі тән. Салық саясаты жерді жоғарғы өнімділікпен пайдалануда қызметтің ең тиімді бағыттарын одан әрі дамытуға сәйкес болуы керек.

2. Ауыл шаруашылығы өндірген өнімнің бір бөлігі үдайы өндіріс мақсаттары үшін (мал төлі, тұқым, тыңайтқыш, жем) өзінде тұтынылады, сондықтан тауарлы өнім құрамына енбейді және кірісті құрамайды, ол шаруашылық ішіндегі айналымға енеді. Бұдан өткізілген өнім көлемі жалпы өндірілген өнім көлемінен маңызы кем болады.

3. Ауыл шаруашылығында өндіріс процесі өте ұзак, жұмыс кезеңімен сәйкес келмейді; адам еңбегінің қатысуының табиғи процесстердің үлес салмағы үлкен болады. Өсімдік шаруашылығында өнімді өндіру уақыты – жылға жуық, ал мал шаруашылығында 9 ай, көптеген көрсеткіштердің жыл соңындаған есептеуге болады.

4. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының шаруашылық қызметтің нәтижелері көп жағдайларда өндіріс жағдайына тәуелді болады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндірісінің жағдайы келесідей анықталады:

- табигиат және ауа-райы факторларымен (Қазақстан тәуекелді егіншілік зонасы болып табылады);
- шаруашылықтың орналасқан жерімен;
- өндірістің экономикалық жағдайларымен.

Топырак жағдайына мінездеме беру үшін пайдалы жерді бонитет баллдарында сапалы бағалау, егістік жердің орташа мөлшері, топырақтағы гумус пен микроэлементтердің магыналы деңгейі, гумус қабатының куаты; әктендіру мен гипстендіруді, азот және фосфор тыңайтқыштарын себуді талап ететін егістік жер үлесі пайдаланады.

Ауа-райы жағдайын зерттеу кезінде жауын-шашының орташа жылдық санына, оларды жыл кезеңдері бойынша бөлуге, корқабатының қалындығына, аязға, күн сәулелі күндер санына көніл аудару керек және т.б.

Экономикалық жағдайларға ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жер және еңбек ресурстарымен, негізгі және айналым капиталымен, техникамен, жем-шөппен, жұмысшылармен қамтамасыздығы; материалды-техникалық базаның үйлесімділігі қатысты және т.б.

Салықтық базаны дұрыс анықтау үшін шаруашылық кірістері алдыңғы кезеңдегі 3-5 жыл мәліметтерімен салыстырылуы керек, яғни кезеңге орташа шама есептелінеді.

5. Ауыл шаруашылығы үшін өндірістің маусымдылығы тән, сондықтан барлық ресурстар жыл бойы әркелкі пайдаланылады, өнімді өндіру, кірістің түсі ырғақсыз болады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары кірістің негізгі бөлігін жыл соңында, ал жыл ішінде әркелкі алады. Ауыл шаруашылығы өндірісінің табигат құбылыстарына тәуелді болуы ақшалай да, натурадалы да түрдегі резервтік және сактандыру қорларын құру қажеттілігін туындалады.

6. Ауыл шаруашылығы тірі организмдермен жұмыс істейді, сондықтан оның дау мен деңгейі мен салық салу тек қана экономикалық емес, сонымен қатар биологиялық, химиялық және физикалық заңдарға да әсер етеді. Бұл жағдай факторлардың шаруашылық қызметі нәтижесі мен салық салынатын база деңгейіне әсерін қындалады.

7. Ауыл шаруашылығы технологиялық циклының жұмысы қатаң белгіленген мерзімде атқарылуы керектілігіне байланысты ресурстарды белгілі көлемде және белгілі уақытта шоғырландыру керек.

8. Қалған салалардағымен бірдей болатын экономикалық көрсеткіштер: өнімнің өзіндік құны, пайда, тиімділік, айналымдылық, ерекшелері – дақылдардың шығымдылығы, малдың өнімділігі, сүттің майлылығы және т.б.

9. Ауыл шаруашылығында бір типті кәсіпорындар көп, ол олардың қаржыларын басқаруға бір әдістемені қолдануға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекелестік артықшылықтарын талдау, олардың бірқатар себептерге байланысты, тиімсіз экономикалық жағдайда екендігін көрсетеді.

Ол себептер:

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің маңызды бөлігінің тез бұзылатындығы, ол оны өткізу мерзімін қысқартады, баға бойынша нарық шартын қабылдауға мәжбүр болады;

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары халықта арналған азық-түлік өнімдерін өндіреді, оларға бағаның есуі толемге қабілетті сұраныспен шектелген;
- өндірілетін өнім ассортименті бір түрлі, ол бәсекелестіктің қындалады.

ҚР ауыл шаруашылығына тән, жеке меншікке негізделген шаруашылықтар түріне тоқталайык.

Ауыл шаруашылығы құрылымдары, мысалы, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен, мемлекеттік кәсіпорындармен, серіктестермен (ЖШС, ҚЖШ), акционерлік қоғамдармен, шаруа фермерлік қожалықтарымен және жеке қосалқы шаруашылықтарымен сипатталады.

Көптеген кәсіпорындар құнделікті сұраныстағы тауарларды сату бойынша фирмалық дүкендерге, буфеттерге, дүңгіршістерге ие, олар арқылы өз өнімдерінің бір бөлігін сатады. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы кешені жүйесінде ауыл шаруашылық өндірісін керекті материалды-техникалық ресурстармен қамтамасыз ететін мемлекеттік кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар және фирмалар қызмет етеді. Жеміс-көкініс өнімдерін дайындау, қайта өндеу бойынша көтерме бөлшек ұйымдар, сонымен қатар өндірістің аяқталған циклімен, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өндайтін және өткізетін агрофирмалар да бар.

Нарықтық экономикаға ету жағдайында республика үшін өзекті тапсырмалардың бірі болып ауыл шаруашылығын тұрақты дамытудың саясатын қалыптастыру мен жүргізу және оның барлық тармақтарының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау табылады.

Қазір Қазақстанның аграрлық саясаты агросекторға нақты меншік иесін, нарықтық инфрақұрылымды, тұрақты қаржы-несие жүйесін, ауыл шаруашылығын басқарудың тиімді құрылымын құруды; салаға шетелдік инвестицияларды тартуды, ауыл шаруашылығы өнімін терендептіп қайта өндеуді өсіруді, кедейшілік деңгейін төмөндөту мен ауыл тұрғындарын әлеуметтік қорғауды көтеруді тапсырма етіп қояды.

Бұл тапсырмаларды шешу құралы ретінде ауыл шаруашылығының тиімділігін көтеру, микронесиeler, кіші индустрияда жұмыс орнын құру, ірі инженерлік факторлар; ауылда коммуналдық

және тұрмыстық қызмет сферасын дамыту, ауылдық бюджетке асигнациялар үлесін қаламен салыстырғанда ұлғайту қызмет етеді.

Мемлекет ауыл шаруашылығы нарығына тең субъект ретінде қатысу, су алу, ирригацияга көмек көрсету, көліктік және энергетикалық тораптарды құру, ауылда әлеуметтік сфераны дамыту мен ұстау; ақпараттық қызмет пен маркетинг жүйелерін, бәсекелестікті дамыту, ауыл шаруашылығы егістік алқаптары мен аймақ экологиясы мониторингін іске асыру; дүлей апат пен жаңуарлар мен өсімдіктердің эпидемиялық ауруларының алдын алу мен олардың салдарларын жою; сонымен қатар сыртқы нарыққа тауарды қозғалтуға әсер ету, салада бағаны реттеу жауапкершілігін алады.

Соңғы жылдары мемлекет саланы қолдауды ұлғайтты, оны реттеудің қазіргі заманғы әдістеріне жақындағы. Аграрлық секторды мемлекеттік қолдау 2008 жылы 2007 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге, субсидиялар бойынша 2 есеге, несиелер бойынша 2,2 есеге өсті. Бұл көптеген ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілеріне егіс алқаптарын кеңейтуге, өндірісті басым дақылдарды өсіруге қайта бағыттауга, техникалық және технологиялық қайта жарақтануға, жаңа өндірісті алуға мүмкіндік берді.

2008 жылы респубикалық бюджеттен сүт және ет бағытындағы ірі тауарлы мал шаруашылығы фирмаларын құру үшін негізгі құралдарды сатып алушы қаржыландыру мен бөлшекті несиелендіруге 5270 млн. теңге бөлінді.

Майлы дақылдар, қант қызылшасы, жеміс-жидектер бойынша егіс аудандарын кеңейту мақсатында 1 га жерге бөлінетін субсидиялар көлемі ұлғайтылды: майлы дақылдар бойынша – 1200 теңгеден 4800 теңгеге, яғни 4 есе; қант қызылшасы бойынша – 10174 теңгеден 50000 теңгеге, яғни 5 есе; көкініс-бақша дақылдары бойынша – 9000 теңгеден 12000 теңгеге немесе 1,3 есеге өсті. Картоп өндірісіне де шығындарды 1 га-ға 2500 теңге көлеміне субсидиялау енгізілді.

2009-2011 жылдар аралығында АШК дамытуға респубикалық бюджеттен жұмысалатын шығындар 350 млрд. теңгени құрады. АШК қолдау үшін «Каз АГРО» холдингімен қосымша қаржыландыруға 1 млрд. доллар (150 млрд. теңге) көлемінде қаржат бағытталатын болады.

Несие алу ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін маңызды болып табылады, сондықтан АШК мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы өндірісін қолдаудың кепілдендірілген несие қорын құруда көріні үмкін.

Оның функциялары келесідей болуы керек:

- ауыл шаруашылығы несиелеру банктерінің қызметін ұйымдастыратын арнайы мемлекеттік несие институттарын құру;
- агронарық субъектілерін төмендетілген пайыздық ставка негізінде несие алу мүмкіншілігімен қамтамасыз ету;
- коммерциялық банктерді қарызды қайтаруға мемлекеттік кепілдемемен қамтамасыз ету;
- ауыл шаруашылығы несие банктерінің төмендетілген несие ставкалары мен қайтарылмаған қарызынан болған шығындарының орнын толтыру;
- аграрлық секторды несиелейтін коммерциялық банктерге резервтік қорларға аударымдардың женилдетілген пайыздарын беру;
- аймақтар бойынша инвестицияланған заимдарды жүргізу жолымен ресурстарды жұмылдыру.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша ауыл шаруашылығы өндірушілері мен кәсіпорындарын несие қаржаттарымен қамтамасыз етудің алтернативті нұсқасы болып «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қатысуымен құрылған ауылдық несие серіктестіктері табылады.

Республикада жарғылық капиталдың жалпы сомасы 5 млрд. теңгени құрайтын 153 несие серіктестігі бар, олар 3 млн. га егістік пен 1,2 млн. бас малды құрайтын 6000 ауыл шаруашылығы құрылымын қамтиды.

Несие серіктестіктерінің несие ресурстарын қайтаруы 99,7% құрайды. 2008 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы респубикалық бюджеттен ауыл шаруашылығы өндірісі мен қайта өңдеу кәсіпорындарын, дайындау және өткізу кәсіпорындарын дамыту үшін 3,2 млрд теңге; ауыл шаруашылығы емес қызметті несиелендіруге – 0,8 млрд теңге бөлінді.

«Мал өнімдері корпорациясы» АҚ 2008 жылы инфрақұрылымы дамыған, қазіргі заманғы мал бордақылау аудандарын құруға 5,5 млрд теңге; мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу, қайта өндіеу, тасымалдау мен сактауға 1 млрд. теңге бөлді.

«Қазына тұрақты даму қоры» АҚ қант, өсімдік майы, жеміс-кекініс өнімдерін, ет пен сүт өндіруші кәсіпорындардың айналым қаражаттарын толықтыруға 16% ставкада 24,4 млрд теңге көлемінде несие қаражаттарын бөлді.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы тұргындарын «Ауыл шаруашылығын қаржылық колдау қоры» АҚ арқылы 5,5 млрд теңге сомасындағы микронесиелеудің бюджеттік бағдарламасы іске асырылада, сонымен қатар «Ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығы емес бизнесі несиелеу» бағдарламасы жылдық 10% ставкада 7 жылға жүзеге асырылада.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерін несиелеу үшін микронесие ұйымдары торабын дамыту концепциясын іске асыру шенберінде ауыл шаруашылығы жерлерінде «Кіші кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ және «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» АҚ сияқты жарғылық капиталға мемлекеттік қаржы институттарының үlestі қатысуымен ауыл шаруашылық несие серіктестіктері мен микро несие ұйымдары құрылды.

Ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігін, сонымен қатар Қазақстанның микро қаржылық ұйымдар ассоциациясы, «Даму» кәсіпкерлік қоры, Орталық-Азиялық микро қаржылық альянс және т.б. несиелейді.

Кіші және орта бизнесі дамыған елдерде микро қаржыландырудың банктік емес қаржылық ұйымдарының белсенділігінің өсіп жатқанын айта кету керек.

2008 жылы ауыл шаруашылық өнім өндірісінің жылдық көлемі 1,3 трлн. теңге деңгейінде бағаланды, ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығы өндірісінің үлес салмағы 6%-ды құрады.

АШҚ дамыту елдің азық-түлік нарығының негізгі факторы болып табылады.

Аграрлық бизнес экономиканың ең тәуелді және әлсіз саласы болып қалып отыр, оның жағдайы көптеген факторларға тәуелді болады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығында экономикалық қатынастарды жетілдіру, дақылдарды орналастыруды жақсарту,

орта және ірі тауарлы өндіріс негіздерін қалыптастыру тапсырмалары өзекті болып табылады. Жұмыстың негізгі принциптері болып нарықтық күштер мен бәсекелестік қабілетті одан әрі дамыту, ауыспалы егістікті қатаң сақтай отырып дақылдарды өндедің қарқынды технологияларын ендіру, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруші орнында қайта өндеді ұлгайту, тұқымдық өнім мен элиталық тұқымды, минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдары табылады. Мемлекеттік машина-трактор станциялары (МТС) торабын кеңінен тарату, отандық ауыл шаруашылығы машина өндірісін жаңғыру, ауылда жер ипотекасы негізінде несиелеуді жақсарту, аграрлық экспорттық саясатты жетілдіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндешілерге ҚҚС төмөндөтү, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілеріне ерікті түрде кооперативтерге бірігүе көмек көрсету керек.

Облыстар мен республиканың экономикалық тәжірибесінде кооперативтер 100%-ға жуық фермерлік шаруашылықтарды біріктіретін, индустріалды дамыған елдер тәжірибесін пайдалануы керек. Бұл материалды-техникалық қамтамасыз ету мен өнімді өткізуін артықшылықтарын пайдалануға, үкіметтің ауыл шаруашылық өнімдеріне бағаны реттеуіне, ауыл шаруашылығына бюджеттік ассигнациялар мөлшері мен бағыттары, фермерлерге дотациялар деңгейі, азық-түлік экспорттың субсидиялауға, экологиялық таза өнім өндірісі бойынша женілдікті салық салуды немесе салықтан толық босатуды белгілеу сұраптарын шешушеге, ауыл шаруашылық қорларын несиелеуді сактандырудың нақты жүйесін құру бойынша ұсыныс енгізуге, отандық ауыл шаруашылық нарығын қорғау бойынша кедендей баждар мен квоталарды қолдануға, артық өнімді кепілдендірілген баға бойынша сатып алуға, жемдерді, мал дәрігерлік және санитарияны пайдалануға бақылау жүйесін құруға, ауыл шаруашылығы өндірісінің бюджет алдындағы қарыздарын қайта қаржыландыруға, жабдықтаушыларға қарыздарды өтеуге, қайта өндеші кәсіпорындар үшін салықтар бойынша шараларды енгізу және оларды жіктеуге мүмкіндік береді.

Қаржы қаражаттарының жеткіліксіз болуы жағдайында мемлекет ауыл шаруашылығының негізгі салаларын қаржыландыруды жүзеге асыруы керек. Ол салалар – тұқымдық іс, селекциялық

жұмыс, дәнді шаруашылық. Сонымен қатар азық-түлік нарығы, жол шаруашылығы, инфрақұрылымымен қамтамасыз ету, ауылда денсаулық сақтау, білім беру мен мәдениетті қалпына келтіру және дамыту керек.

АШК инвестициялау процесін жетілдіру, ХСҰ-на АШК енүін дайындау, импорттық шектеулер мен әлемдік нарыққа шығу үшін экспорттық субсидияларды алудың икемді механизмін белгілеу керек.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығын несиелеу үшін, жеке жинақтарды шогырландыру және оларды ауылдық аймақтарда ауыл шаруашылығы өндірісінің қаржылық ресурстарына деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін пайдалануға арнайы банктерді ашу керек.

Қазірге дейін ауылдық аймақтарда ұсақ және орта кәсіпорындардың сәйкес қаржы қызметтерін алуға мүмкіндіктері жоқ, ал банк секторы жеткілікті қолемде қаржықызметтерін ұсынуға дәрменсіз, өйткені ауылдық жерлерде банктер аз орналасқан, ал барларының өзінде агробизнесті қаржыландыру тәжірибесі жоқ, олардың көнілі негізінен несиelerді қамтамасыз ету сұраптарына аударылған. Қаржыландырудың жеткіліксіздігін туысқандар мен сауда серіктестері толтыра алмайды. Жеке фермерлік шаруашылықтарды сәйкес инвестициялық қаржыландырусыз олардың экономикалық потенциялын толық қолемде пайдалану мүмкін емес.

Микро қаржыландырудың шетелдік тәжірибесін зерттеу, микро қаржылық ұйымдар қызметін көңілі несиелеу, микро қаржыландырудың жаңа нысандарын іздеу, ауыл шаруашылық өндіріс қызметінде жаңа төлем қаражаттарын пайдалану керек.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін бағалық реттеу, аграрлық секторды қолдаудың арнайы корларын қалыптастыру бойынша, агронарықтың, тауар биржаларының, көтерме нарықтардың қазіргі заманғы инфрақұрылымын; сауда операцияларын сақтандыру жүйесін құру бойынша ТМД елдерінің көлісілген құрылымын қалыптастыру керек.

Мемлекеттің алдында агросектордағы экономикалық қатынастар жүйесін жетілдіру тапсырмасы тұр. Әрбір аула экономикасын нығайту, олардың жалақыға қосымша кірістілігінің

есуіне әсер ету; агрокешенде орта және ұсақ агрофирмаларды, оған ауылдық экономикалық активті тұрғындарының белсенділігі мен жұмыспен қамту деңгейін көтеру үшін, қайта өңдеу және қызмет көрсету ұйымдарын қоса отырып құру арқылы коопeração мен интеграцияны көңілі.

Ауыл шаруашылығы үшін өндірістің негізгі сатып алынатын құралдарына бағаның өсу қарқыны ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаның өсу қарқынынан жоғары. Бұл мәселе өз шешімін табуды талап етеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік реттеуге ең алдымен баға және қаржы-несие механизмін қайта қарастыру негізделген өндірісті экономикалық ынталандыру тапсырмаларын шешуі коопeraçãoлар мен ауыл шаруашылығы өндірісі дамуының ғылыми-техникалық прогесспен анықтайтын басым бағыттарын бюджеттік қолдауды іске асыру (селекция, тұқым шаруашылығы, биотехнология) керек.

АШК мемлекеттік кәсіпорындарынан басқа кәсіпорындар өзін-өзі қаржыландыру принципі бойынша жұмыс істейді, ал бірқатар кәсіпорындар мемлекеттік қолдау үйлесімділігінде әрекет етеді. Түпкілікті қаржылық көрсеткіш болып жалпы кіріс пен таза кіріс (пайда) табылады, бірқатар жоспарлау, есептік талдауда өндіріс шығындарын есепке алу дақылдардың жеке түрлері бойынша жүргізіледі. Мысалы, өсімдік шаруашылығында дәнді дақыл, жемшөп, техникалық, бақшалық, жеміс-жидек дақылдарын және т.б. ерекшелейді. Мал шаруашылығында қой шаруашылығы, түйе шаруашылығы, жылқы шаруашылығын және т.б. ерекшелейді. Мал шаруашылығының өнім шығыны мен шығымы өндірістік белімшелер бойынша (фермалар, бригадалар, тармақтар) есепке алады.

Мал шаруашылығында өндіріске шығындарды есепке алу объектілері өндірістік белімшелер, мал түрлері мен топтары, жемшөп, өзіндік құн мен малдың бір басының мазмұнын анықтайды. Өзіндік құн құрамында шығындардың маңызды элементі болып жалақы табылады, өйткені ауыл шырауашылығы – еңбек сыйымды сала.

Өнімнің өзіндік құны құрамында материалды шығындар үлкен улесті алады, олар тұқымдар, көшет, тыңайтқыш, өсімдіктер мен малдарды корғау құралдары, жем шөп.

Сатып алғынған материалдық құндылықтар сатып алудың нақты өзіндік құнына, ал меншікті өндірістің материалдық құндылықтары өндірістің нақты өзіндік құнына жатқызылады.

Егер де ауыл шаруашылық кәсіпорыны сыртқы сауда қызметін, импорттық және экспорттық операцияларды жүргізсе, онда шығындар құрамына салықтар, кедендей баждар мен кедендей төлемдер қосынша қосылады.

Егер де кәсіпорын өз өнімін немесе қалдықтарын өзі өткізсе, онда шығындар құрамына тиу, қалтау, тасымалдау, түсіру, сактау, өнімді жарнамалаудың өндірістік емес шығындары, сонымен қатар сауда қызметкерлеріне жалакы бойынша дүкенді ұстau шығындары қосылады және т.б.

Осылайша, ауыл шаруашылығы өнімнің толық өзіндік құны тікелей шығындардан (шикізат, материалдар, энергия, жанар жағар май, өндірістік жұмысшылардың жалақысы, оған аударымдар) және жанама шығындардан (әкімшілік шығындары – кәсіпорынды басқару аппаратының жалақысы, оған аударымдар, ауыл шаруашылығы техникасының амортизациясы, әкімшілік және өндірістік ғимаратты ұстau және жөндеу, сонымен қатар өнімді, жұмыс және қызметті өткізу бойынша өндірістен тыс шығындары) тұрады.

Ауыл шаруашылығының тез бұзылатын өнімі сияқты ерекшелігін есепке алудың маңызы бар, ол тез өткізуді немесе ерекше температуралық және санитарлық жағдайда сактауды талап етеді, сондықтан өнімді бұзылу, кебу және сілкілеу салдарынан жоғалту мүмкіндігі бар.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне шығындарды жоспарлауда ішкі саланы бөледі, олар – өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, шикізатты бастапқы қайта өңдейтін көмекші және қосалқы шаруашылық. Дайын өнімнің жекелеген түрлерінің өзіндік құнын дақылдың бір түрі немесе малдың түр бірлігіне аныктайды. Сонымен қатар ағымды жылы келесі жыл өнімі үшін

ауыл шаруашылығы жұмысы ретіндеғі аяқталмаған өндірістің айтуға болады. Аяқталмаған өндірістің жыл басындағы өзіндік құн құрамында жеке өндіріс жем-шебін, тұқымды, малдардың төлдерін ерекшелейді. Шығындар өткен жылдың нақты өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Ауыл шаруашылығы өнімнің өзіндік құнын төмендету факторлары болып келесілер табылады:

- өсімдіктердің шығымдылығы мен малдардың өнімділігін көтеру;
- өндірісті қазіргі заманғы техникамен, кешенді механизациямен қамтамасыз ету деңгейін көтеру;
- өсімдік өндірісі мен малдарды өсірудің қазіргі заманғы жоғарғы тиімді технологиясын енгізу;
- ауыспалы егістіктің прогрессивті жүйесін ендіру және топырақтың құнарлылығын ұлғайту бойынша шараларды жүргізу;
- материалдық ресурстар мен техниканы ұтымды пайдалану, оларға лайықты күтім мен қазіргі заманғы жөндеуі қамтамасыз ету;
- жұмысшылардың біліктілік деңгейін көтеру және еңбек ақыны ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын пайдалану;
- жұмысшылар үшін еңбек пен өмір сұрудің жоғарғы мәдениет жағдайын құру.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының кірістерінің өсу факторлары болып өндіріс пен өнімді өткізудің техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық жағдайын жетілдіру, баға саясатын өзгерту, жұмысшылардың біліктілік деңгейін көтеру, жердің сапасын жақсарту бойынша шараларды іске асыру табылады.

Саудада өндіріс пен өткізу процесінің аяқталуы болады, яғни тауардың сатып алушыны тауып және сату-сатып алу мәселесі болғаннан кейін, тауар өндірісі циклының аяқталуы.

Сауда қызметі – тауарды өндірушіден тұтынушыға жылжытылу бойынша делдалдық қызмет. Көтерме және бөлшек сауданы ерекшелейді.

Сатылған тауарлардың жалпы құнын сипаттайтын тауар айналымы алғы көрсеткіш болып табылады. Оның қолемі құрылған жиынтық қоғамдық өнімді бөлуді, тұтыну құрылымын, елдің ақша айналысы жағдайын сипаттайтын. Сауда кәсіпорындары торабы мемлекеттік және жеке сауданы қамтиды, кейбір жағдайларда олар үйімға енеді.

Барлық сауда кәсіпорындары экономикалық түрғыдан дербес, өз-өзін қаржыландырады, шаруашылық қызметінің нәтижесіне жауапты болады, меншікті қаражаттарын дербес иелене алады, олар салықтарды төлейді, бірқатар жағдайларда оларға мемлекет тарарапынан айыппұлдар салынады.

Сауда кәсіпорындары, үйімінің жарғылық қоры есебінен, меншікті айналым қаражаттарын иеленеді, тауармен жабдықтаушыларды дербесіздендіреді, олармен келісім шарттар жасайды, тауарды өндірушілерден немесе делдалдардан көтерме бағада сатып алады, тауарды өткізу нарығын дербес түрде іздейді. Күн соңында оларға келісім шарт бойынша түскен түсімді банктегі есеп шотқа тасымалдайтын инкасация қызметі қызмет көрсетеді. Барлық дерлік түсім қағаз және металл нысандағы нақты ақша нысанында болады. Касса пәніне, өткізуден түскен түсімді қазіргі заманға сай инкасациялау мен оны дұрыс пайдалануға, нақты ақша айналымын үйімдастыру тәртібін сақтауға тұрақты бақылау керек.

Сауда кәсіпорындарының жұмысшылары тауарлы-материалдық ресурстардың сакталуы мен ақшалай қаражаттарды пайдалануға жауап беретін материалды жауапты тұлға болып табылады. Сауда үйімдары айналыс сферасында болады және олардың сауда циклы жабдықтаушыдан тауарды сатып алған және сатып алушыға беру арасындағы уақыт. Ол аз болған сайын авансыланған күн айналымының көп санын іске асыра алады және тауарды өткізуден түскен түсім мөлшері бойынша соғурлым үлкен болады. Ол сонымен қатар өткізілетін тауарлар саны мен олардың бағасына тәуелді болады.

Тауарларды сатып алу шығындары төмендегілерді қамтиды:

- сатып алу бағалары;
- әкелімге баж;

- жабдықтаушы үйіммен төленген, комиссиялық сыйақы;
- запастарды алушмен тікелей айналысатын көліктік-дайындау шығындары.

Тауарлы материалдық запастардың өзіндік құнына енгізілмейтін шығындарға төмендегілер жатады:

- жалипы және әкімшілік шығындары;
- тауарды өткізу бойынша шығындар;
- пайыздар бойынша шығындар.

Олар тауарды өткізу көлеміне тәуелді емес және кезеңдер бойынша есептелетін, тұрақты болады; тауарлар қалдығына жаткызылмайды, пайда болған кезеңде есептен шыгарылады.

Өткізу бойынша шығындар төмендегілерді қамтиды:

- қойма, сауда залы жұмысшыларының, тауартанушылардың жалақысы және оған аударымдар;
- жарнамаға шығындар;
- сауда жабдықтарының амортизациясы;
- дүкен ғимаратына арендалық төлем;
- коммуналды қызметтер;
- тауарды қаптау мен қоралтау бойынша шығындар.

Жалпы және әкімшілік шығындары келесілерді қамтиды:

- әкімшілік персоналының енбекақысы мен оған аударымдар;
- әкімшілік үй жайін ұстасу шығындары;
- әкімшілік персоналының қызмет көрсететін жеңіл көлікті ұстасу шығындары;
- байланыс қызметтері, банк қызметтері;
- әкімшілік персоналының іс-сапар шығындары;
- типографиялық, пошта-телеграфтық норма шеңберінде өкілеттік шығындары;
- мұлікке, көлікке, жерге салықтар;
- кеңес берушілік, зан, аудиторлық қызметтер, сот шығындары.

Сауда үйімінің пайdasы тауарды өткізуден түскен сауда түсімі мен сауда шығындары арасындағы айырмашылықпен анықталады. Сауда шығындары тауарды жылжыту каналдары бойынша тауарды жылжытумен байланысты қоғамдық

еңбектің ақшалай нысанда сипатталған шығындары. Бұл сауда кәсіпорындарының өндірістік шығындары, оларды да екі категорияға бөлуге болады:

1. Айналыс сферасында өндіріс процесінің жалғасуымен байланысты шығындар:

- тауарларды еткізуге ұсынылғандай жетілдіру;
- қаптау;
- ассортименттік жиынтық;
- тауарды тасымалдау;
- сақтау және т.б.

2. Откізуге қабылданған тауардың тауарлы нысанын ақшалай нысанға ауыстырумен байланысты шығындар:

- жұмысшылардың жалақысы;
- жұмысшылардың жалақысына аударымдар;
- экімшілік басқару шығындары;
- үй жайды жалдау;
- несиеге пайыз төлеу;
- жарнама;
- тауардың табиғи азаоы.

Егер де шығындардың бірінші категориясы тауар бағасын ұлғайтса, екіншісі келісім шартқа сәйкес бағаға жеңілдік есебінен толықтырылады.

Айналыс шығындары есептілікте екі көрсеткішпен жоспарла-наады және есепке алынады:

- барлық шығындардың ақшалай сипаттағы абсолютті сомасы;
- тауар айналымындағы шығындардың пайыздық үлесі.

Айналыс шығындарының деңгейі сауда ұйымдарының шаруашылық қызметінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар тауар айналымындағы шығындардың нақты үлесі жоспарларымен салыстырылады. Шығындар деңгейінің төмендеуі сауда ұйымының жалпы пайдасы мен тиімділіктің өсуіне, яғни сауда ұйымының қызметінің тиімділігінің көтерілуіне әкеледі.

Сауда кәсіпорындары қызметінің негізгі көрсеткіштеріне төмендегілер жатады:

- тауар айналымының ақшалай сипаттағы көлемі;
- айналыс көлемі;
- пайда;
- тиімділік,

Тауар айналымы көлеміндегі шығындардың үлес салмағын төмендетудің негізгі бағыттары:

- бөлшек тауар айналымы көлемінің тауар санының өсу мен бағаның өсуі есебінен өсуі;
- сауда жұмысшыларының еңбек өнімділігін көтеру;
- тауар айналымының уақытын қысқарту;
- негізгі және айналым қаражаттарын ұтымды пайдалану;
- тауар сапасын көтеру және олардың ассортиментінің халық сұранысына сәйкес келуі;
- тасымалдау мен сақтауда тауарларды жоғалту мен кемуін қысқарту.

Тауар бағасы әртүрлі әдістермен қалыптасады:

- «шығын қосу пайда» әдісі бойынша;
- тауардың сезімділік бағалылығы негізде;
- бәсекелестер бағасы негізінде;
- бәсекелестер конъюнктурасы, яғни сұраныс пен ұсыныс катынасы негізінде.

Ең кеңінен таралған әдіс – тауарды сатып алу бағасы қосу сауда ұйымының шығындарын қамтитын сауда үстемесі (жиынтық жылдық кірістен шегерім) қосу оның пайдасы.

Бөлшек саудадан түскен кіріс тауарды сату кезінде танылады. Тауарды сату деп тауарды сатып алушыға тауардың сату құнын сатып алушы төлеген кезде беру есептеледі. Бөлшек саудадан түсетін кіріс деп сатылған тауардан түскен түсімнің барлық көлемнен жанама салыққа алып тастағанда танылады. Бөлшек саудадан шегерім деп сатылған тауарлардың өзіндік құны танылады.

Комиссиялық саудадан түскен кіріс комиссиялық тауарды комиссиялық пайыздан түскен сома ретінде откізу кезеңінде танылады, өйткені сатушы тауардың меншік иесі болып табылмайды.

Сауда кәсіпорындары нысандағы коммерциялық кәсіпкерлік ел экономикасының тиімді саласы болып табылады. Ол күрделі

салымдардың өтелімділік мерзімі төмен, тауар айналымының жоғары жылдамдығына ие.

Құрылыс саласының айрықшылықты ерекшеліктерін атап, қарастырайық:

- Айналым қаражаттарымен жабылуы керек, аяқталмаган өндіріс көлеміне әсер ететін ұзақ өндірістік цикл, сондыктан айналым қаражаттарының құрылымында үлкен үлес салмақты аяқталмаган өндіріс алады.
- Объектілер құрылысы әртүрлі аяу-райы және аумақтық зоналарда іске асырылады, ол жеке және аймақтық зоналарда, жеке құнда сипатын табады, тапсырыс берушіге атқарылатын жұмысты тапсырудан түсken түсімнің әркелкілігіне әкеледі.
- Құрылысты қаржыландыру сметалық құн шенберінде жүргізіледі. Ол құрылысқа тапсырыс берушімен жасалған келісім шарт, сонымен қатар материалдықтехникалықресурстармен жабдықташылармен жасалынған келісімшарттар негізінде белгіленеді.
- Құрылыс монтаж жұмыстарының сипаты құрылыстың жекелеген кезеңдерінде атқарылған жұмыстардың материал сыйымдылығы мен еңбек сыйымдылығының әртүрлі дәрежесін шарттастырады, ол айналым қаражаттарына деген әр келкі қажеттіліктерді анықтайды. Мысалы, құрылыс басталғанда материалдық шығындарды көп қажет етеді, ал соны әрлеу жұмыстарына материалдардың азайған құны мен еңбек шығындарының ұлғаюын талап етеді.

Салынатын объектілердегі шығындардың әркелкі еместігі мен әртүрлі сипатына байланысты, баға әрбір жеке жағдайларға анықталады. Ол тікелей шығындарды, үстеме шығындарды, жоспарлы жинақтарды қамтиды. Бағаны құрудың осындағы тәртібі пайданы жоспарлаудың нормативті әдісін анықтайды.

Құрылыс процесі жекелеген кезеңдерден тұрады:

- жобалау-іздестіру жұмыстары;
- құрылыс әрлеу жұмыстары;
- жабдықтарды монтаждау-реттеу жұмыстары.

Құрылыс қаржысы келесілерді қамтиды:

- тапсырыс берушінің қаржысын;
- жобалау-іздестіру ұйымдарының қаржысын;
- құрылыс-монтаж ұйымдарының қаржысын.

Объекті құнының құрылымында ең үлкен үлесті құрылыс-монтаж жұмыстары мен жабдықтары алады. Жұмыстың бұл турлери мердігерлік және шаруашылық әдістермен іске асырылады.

Мердігерлік әдісте мердігер келісім шарт бойынша, онда мерзімде тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша белгілі объекттің соғуға немесе басқа құрылыс жұмысын атқаруға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші мердігерге жұмысты атқару үшін керекті жағдайды құруға, оның нәтижесін қабылдауға және ол үшін шарттастырылған бағаны төлеуге міндеттенеді. Құрылыс мердігерлігінің келісімшарты құрылысқа немесе ғимаратты, үймәреттер, басқалай объекттің реконструкциялауга, сонымен қатар монтаждау және іске қосылатын реттеуіш жұмыстарын орындауға жасалынады. Бұл тәртіптер сонымен бірге үймәреттер мен ғимараттарды құрделі жөндеу кезінде де қолданылады. «Кілтті тапсыру» құрылыс туралы келісімшартта мердігер құрылыс пен оны жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша барлық жауапкершілікті өзіне алады және келісімшарт шарттарына сәйкес тапсырыс берушіге объекттің пайдалануға дайын күйінде беруі керек.

Қосалқы мердігер ретінде монтаждау, электромонтаждау, жөндеу, сантехникалық жұмыстарды, өрт сөндіру т.б. құрылғыларын орнату бойынша жұмыстарды орындастырын мамандандырылған ұйымдар қатысады. Бас мердігер қосалқы мердігермен келісім шарт жасайды және қосалқы мердігерге жұмыстың белгілі көлемі мен қаржыландырудың көлемін сметаға сәйкес объекттің құру үшін береді, бірақ жұмыстың толық көлеміне тұтастай жауапты болады.

Шаруашылық әдісте тапсырыс беруші мердігердің барлық функциясын өзіне алады. Ол үшін жұмысты атқару және оны бақылау үшін білікті мамандары бар құрылыс болімшесін иеленуі керек. Құрылысты, реконструкцияларды немесе жөндеуді жүргізу

кезеңінде ол өз күшімен атқарылатын жұмыстың нақты түріне лицензия алуы керек.

Мамандандырылған жұмыстар үшін жұрмыстың әр түрі бойынша мердігер істейтіндей, әр орындаушымен жеке келісім шарт жасауы керек, сонымен бірге қосалқы мердігерлік ұйымдар олар орындайтын жұмыстарға лицензияны ұсынуы керек.

Қосалқы ұйым орындаған жұмыстардың түрі бас мердігердің шығындарының құрамына енеді, сондыктan пайдалануға енгізу бойынша қабылдау комиссияның актісін рәсімдегеннен кейін өткізілген жұмыстардан түсken пайда бас мердігердің қаржылық нәтижесі болып табылады.

Қатысушылар арасындағы қарым-қатынас КР заңнамасымен реттеледі: Азаматтық кодекс және басқалай құқықтық актілер.

Құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспарлы өзіндік құны деп құрылыс ұйымының, оларды өндіру мен тапсырыс берушілерге тапсыруға кеткен шығындары түсініледі. Олар құрылатын объектіде жаңа техника мен өндіріс технологиясын өндіру бойынша көп нұсқалы инженерлік және экономикалық есептеулер негізінде прогрессивті нормалар мен нормативтерді, оны ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіруді есепке ала отырып жоспарланады.

Құрылыс жұмыстарының өзіндік құнын жоспарлау құрылыс ұйымымен құрылыс және әрлеу жұмыстарына тапсырыс қоржыны негізінде дербес іске асырылады.

Құрылыс өнімнің өзіндік құнында ең үлкен үлес салмақты материалдық шығындар алады, оның мөлшері құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі мен құрылымына, орындалған жұмыстардың бір бірлігіне материал шығындары нормасы мен материалдық ресурстар бағасына тәуелді болады.

Құрылыс өнімнің өзіндік құнында ең көп үлесті шығындардың кешенді балтары болып табылатын үстеме шығындар алады (әкімшілік-басқару шығындары, құрылыс жұмысшыларына қызмет ету шығындары, құрылыс аудандарында ұйымдастыру бойынша шығындары, өндірістік емес шығындар және т.б.).

Құрылыс жұмыстары өндірісіне кеткен шығындар жұмыс атқарылған кезеңдегі өзіндік құнға енеді, ол пайда болу уақытына тәуелсіз болады.

Тікелей шығындар деп есепке алудың сәйкес объектілері бойынша жұмыстың өзіндік құнына телей енетін шығындарды атайды.

Үстеме шығындар деп өзіндік құнға арнайы әдіс көмегімен өндірілетін, құрылыс ұйымының қызметіне тұтас қатысты шығындар аталаады.

Орындалған жұмыстың көлемінің өзгеруіне тәуелді болатын барлық шығындар ауыспалы деп, тәуелсіз болатын шығындар тұрақты деп аталаады. Өзіндік құндағы құрылыс жұмыстарының көлемі ұлғайғанда қыскаратын, ал төмендегендеге ұлғайатын шығындар тұрақты деп аталаады. Олар жұмыс көлеміне кері үйлесімде өзгереді.

Құрылыс жұмыстары көлемінің өзгеруіне үйлесімді өзгеретін шығындар ауыспалы шығындарға жатады.

Құрылыс жұмыстарының өзіндік құн құрылымы төмендегідей:

Құрылыс жұмыстарының, құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыру кажеттілігіне шарттастырылған шығындар.

Табиғи шикізатты пайдаланумен байланысты шығындар, мысалы, жердің құнарлығын қалпына келтіру шығындары, тамырга жіберілетін ағашқа төлем; су шаруашылығы жүйесінен алынатын суга төлем.

Техниканы, технология мен құрылыс өндірісін ұйымдастыруды жетілдіру, құрылыс объектілерінің төзімділігін көтеру бойынша күрделі емес сипаттағы шығындар.

Өндірістік процесске қызмет көрсету шығындары.

Өндірісті ұйымдастыру, объектілерді дайындау және пайдалануға өткізу бойынша шығындар.

Табиғатты корғау ғимараттарын ұстау және пайдалану бойынша шығындар, тасталымдарға, ағыстарға, қатты қалдықтарды құруға төлемдер.

Өндірісті басқарумен байланысты шығындар.

Мамандарды даярлау немесе қайта даярлаумен байланысты шығындар.

Жұмыс күшін жинаумен, вахтальық әдістің жұмысымен байланысты шығындар.

Кезекті және қосымша демалыстарды төлеу.

Әлеуметтік сақтандыру қорларына аударымдар.

Құрылыш ұйымдарының мүлкі мен оның жұмысшыларының өмірін сақтандыруға аударымдар.

Банктен алынған несиелер, бюджеттен алынған ссудалар бойынша пайыз төлеу.

Өнімді өткізу шығындары.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер.

Құрылыш ұйымдары бизнес-жоспарды әзірлейді, ол төмендегілерді қамтиды:

- құрылыш-монтаж жұмыстары көлемінің көрсеткіштері мен оны тапсырыс берушіге өткізу мерзімі;
- жұмысты жүргізу үшін керекті үй-жайлар мен жабдықтар, құрал-жабдықтардың құны;
- жұмысты жүргізу үшін материалдарға энергияға, суға деңгөн керекті қажеттілік;
- категориялары бойынша олардың саны көрсетілген керекті еңбек ресурстары, жұмыс күші коры мен тарифті ставка.
- құрылыш-монтаж жұмыстарының бірқатар жылға алған өзіндік құны;
- негізгі, айналым, заем капиталына қажеттілік;
- алдыңғы бірқатар жылға кірістер;
- жалпы пайда, оны бөлу және алдыңғы бірнеше жылға тиімділік.
- инфляция процесін есепке ала отырып, алдыңғы бірнеше жылға таза бөлінетін және бөлінбейтін пайда.



Бақылау сұрақтары:

1. Коммерциялық типтегі кәсіпорындарға аныктама берініздер.
2. Коммерциялық типтегі кәсіпорындардың кірістерінің түрлерін атаңыздар.
3. Коммерциялық типтегі кәсіпорындардың шығыстарының түрлерін атаңыздар.
4. Коммерциялық типтегі кәсіпорындар пайдасының типтері мен оларды есептеу алгоритмдерін атаңыздар.
5. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының салалық ерекшеліктерін атаңыздар.
6. Сауда кәсіпорындарының салалық ерекшеліктерін атаңыздар.
7. Құрылыш салалары кәсіпорындарының салалық ерекшеліктерін атаңыздар.